

**"Большеизюм селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы"  
" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің  
2010 жылғы 14 қантардағы №10 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4819 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Большеизюм селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 14 қантардағы № 10 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13-11-165 тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*Т.Жүсіпов*